4	**Оқу-әдістемелік жұмыс**	1. **Жұмыс оқу жоспарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген). (бұдан әрі – ОЖЖ) және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігі.** *- жұмыс оқу жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, сондай-ақ үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі* **1. Жалпы ережелер** Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» оқу үдерісін 1–11 сыныптар аралығында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖБС) мен Үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сай ұйымдастырады. . Жұмыс оқу жоспарын (РУП) жергілікті білім беру басқармасы және мектеп директоры бекітеді. . Оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2–11 сыныптарда – 34 оқу аптасы. . Құрылымы: Базалық білім мазмұнын көрсететін инварианттық жүктемеден және оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған вариативтік жүктемеден тұрады. **2. Міндетті оқу курстары және ерекшеліктері** **Өмір қауіпсіздігі негіздері (ӨҚН) және Жолда жүру ережелері (ЖЖЕ):** 1–3 сыныптар: ӨҚН – «Дүниетану» пәні аясында (жылдық 6 сағат); ЖЖЕ – сынып сағаттары есебінен сабақтан тыс уақытта (жылдық 6 сағат). 4-сынып: ӨҚН – «Дүниетану» пәні аясында (жылдық 10 сағат); ЖЖЕ – сынып сағаттары есебінен (жылдық 6 сағат). 5–9 сыныптар: ӨҚН – «Дене шынықтыру» пәні аясында міндетті түрде оқу уақытында жүргізіледі (жылдық 15 сағат). ЖЖЕ 5–8 сыныптарда сынып сағаттары мен сабақтан тыс уақытта жүргізіледі (жылдық 10 сағат). 10–11 сыныптар: ӨҚН мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) курсы аясында міндетті түрде оқу уақытында өтіледі (жылдық 12 сағат). **Алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘТД) пәні:** 10-сынып: аптасына 1 сағат (жылдық 34 сағат). 11-сынып: аптасына 1 сағат (жылдық 34 сағат). **Бастауыш білім беру деңгейіндегі ерекшеліктер:** 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәні енгізіледі. 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері – аптасына 1 сағаттан. «Жаратылыстану» пәні: 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, 4-сыныпта – аптасына 2 сағат. **3. Вариативтік компонент және элективті курстар** **2024–2025 оқу жылы:** 1-2, 4 сыныптар: «Хореография» (жылдық 34 сағат, авторы: Сайдуова Д.О.) және «Шахмат негіздері» (жылдық 34 сағат, авторлары: Даулетова Г.Б., Бапанова Г.К., Нурманова А.Е.). 2-3 сыныптар: «Шахмат негіздері» (жылдық 34 сағат)	Жұмыс оқу жоспарлары	Ресми интернет-ресурсталарда орналастырылады. Ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтер

		5-9 сыныптар: «Спорттық ойындар». 7-сыныптар: «География», «Шет тілі (ағылшын тілі)», «Геометрия». 8-9 сыныптар: «География», «Шет тілі (ағылшын тілі)», «Алгебра». 10-11 сыныптар: «Қазақстанның ежелгі дәуір және ортағасырлардағы этникалық тарихы» (аптасына 1 сағат, авторы: Калмуратова L.B.) және «Алаш тағылымы» (аптасына 1 сағат, авторлары: Махаева А.Ш., Кирбаева Ж.К.). **2025–2026 оқу жылы:** 1-сынып: «Әліппеден кейінгі кезеңге арналған тапсырмалар жинағы» (жылдық 33 сағат, авторы: Ташкенбаева Н.Т.). 2-сынып: «Хореография» (жылдық 34 сағат), «Шахмат негіздері». 3-сынып: «Шахмат негіздері» (жылдық 34 сағат). 4-сынып: «Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмалары» (жылдық 34 сағат, авторы: Дүйсембекова Р.Ж.). 5–8 сыныптар: «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 0,5 сағат). 9–11 сыныптар: «Жаһандық құзыреттілік» (аптасына 1 сағат). 7-9 сыныптар: «География», «Шет тілі (ағылшын тілі)», «Геометрия». 10-11 сыныптар: «Сөзжасам мен морфология», «Практикалық грамматика». **2026–2027 оқу жылы:** 1-сынып: «Әліппеден кейінгі кезеңге арналған тапсырмалар жинағы» (жылдық 33 сағат). 2-сынып: «Хореография» және «Шахмат негіздері» (жылдық 34 сағат). 3-сынып: «Шахмат негіздері» (жылдық 34 сағат). 4-сынып: «Бастауыш сыныптарда функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмалары» (жылдық 34 сағат). 5–11 сыныптар: «Жеке қауіпсіздік» курсы (5-8 сыныптарда аптасына 0,25 сағат; 9-11 сыныптарда аптасына 0,5 сағат). 5–7 сыныптар: «Конституция негіздері» (аптасына 0,25 сағат). 8–11 сыныптар: «Заң мен Тәртіп» курсы (8-сыныпта аптасына 0,25 сағат; 9-11 сыныптарда аптасына 0,5 сағат). 10–11 сыныптар: «Қазақстанның ежелгі дәуір және ортағасырлардағы этникалық дәуірі» (аптасына 1 сағат) және «Алаш тағылымы» (аптасына 1 сағат). Мектепте оқу жоспарларын әзірлеу және іске асыру жүйесі қалыптасқан, нормативтік құқықтық актілердің талаптары толық орындалады. Оқу жоспары білім сапасын арттыруға, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Келесі кезеңдерде оқушылардың жеке қажеттіліктеріне қарай қолданбалы және функционалдық бағыттағы вариативті компонентті одан әрі дамыту көзделеді. 2.**Оқу үдерісін, оқу пәндері мазмұнын жоспарлау мен іске асырудың жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерін таңдау курстарының (бұдан әрі - курстар) талаптарына сәйкестігі – ҮОЖ) Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399**		

бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29767 болып тіркелген) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген күтілетін оқу нәтижелеріне назар аудара отырып.

электрондық журналдарда күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың болуы;

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын меңгеру

2024-2025 оқу жылы

№	Көрсеткіш	Атқарылған жұмыс және нәтиже
1	Құқықтық негіз	**1–4-сыныптар:** Бастауыш сынып журналдары ҚР БҒМ №130 және №502 бұйрықтарының талаптарына сай жүргізіледі. **5–11-сыныптар:** Орта және жоғары буын журналдары да ҚР БҒМ №130 және №502 бұйрықтарының талаптарына сай жүргізіледі.
2	Қос жүйелілік	**1–4-сыныптар:** ҚР МЖМБС талаптарын орындау үшін қағаз журналдар негізгі құжат ретінде жүргізіледі, IB бағдарламасы бойынша оқу жетістіктері Toddle электронды платформасында қатар тіркеледі. **5–11-сыныптар:** Қағаз журналдар (негізгі құжат) мен IB халықаралық бағдарламасын сүйемелдейтін Toddle электронды платформасы қатар қолданылады.
3	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар	**1–4-сыныптар:** Бастауыш сыныптардың барлық оқу пәндері бойынша КТЖ әзірленген. **5–11-сыныптар:** Орта және жоғары буынның барлық оқу пәндері бойынша КТЖ әзірленген.
4	Журналдар саны	**1–4-сыныптар:** 15 негізгі сынып журналы және 1 үйірмелер мен факультативтер журналы толтырылды. **5–11-сыныптар:** 21 сынып журналы толтырылды. **Барлығы:** 37 журнал.
5	Ерекшелігі	**1–4-сыныптар:** Toddle мен қағаз журналдардың қатар жүргізілуі кіші жастағы оқушылардың сабаққа қатысуы мен алғашқы білім жетістіктерін нақты тіркеуді қамтамасыз етті. **5–11-сыныптар:** Пәндер мен мұғалімдер санының көптігіне байланысты Toddle жүйесі бағалау нәтижелерін тереңірек талдауға мүмкіндік берді.

2024-2025 жж сынып журналдары

6	Атқарылған жұмыс	**1–4-сыныптар:** Сабақ тақырыптары КТЖ мен сабақ кестесіне сай жазылып, бағалау нәтижелері уақтылы енгізілді. Журналдардың толтырылуын бастауыш сынып мұғалімдері қадағалады. **5–11-сыныптар:** Күнделікті сабақ тақырыптары КТЖ мен кестеге сай жазылып, ағымдағы және тоқсандық бағалар уақтылы қойылды. Сынып жетекшілері өз бөлімдерінің толтырылуын қадағалады.
7	Бақылау мен түзету	**1–4-сыныптар:** Журналдардың толтырылуы тұрақты тексеріліп, анықталған кемшіліктер мұғалімдермен бірге жедел түзетілді. **5–11-сыныптар:** Жазбаларда орын алған КТЖ-дан ауытқулар мұғалімдерден түсініктеме алу арқылы жедел түзетіліп отырды.

2025-2026 оқу жылы

№	Көрсеткіш	Атқарылған жұмыс және нәтиже
1	Мақсаты мен тексеру нысаны	Электрондық журналдың уақтылы әрі сапалы жүргізілуін, КТЖ-ның, сабақ тақырыптарының, үй тапсырмаларының, қатысу белгілерінің, бағалау нәтижелерінің және тоқсандық қорытындылардың толықтығын анықтау. **1–4-сыныптар:** бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің журналды толтыру сапасы зерделенді. **5–11-сыныптар:** орта және жоғары буын пән мұғалімдерінің журналды толтыру сапасы зерделенді.
2	Мониторинг бағыттары	1) сабақ тақырыптарының КТЖ-ға сәйкестігі; 2) үй тапсырмаларының уақытылы және жүйелі енгізілуі; 3) оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткіштерінің толық белгіленуі; 4) БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің электрондық журналға енгізілуі; 5) тоқсандық бағалардың дұрыс есептелуі және қойылуы; 6) толтырылмаған немесе уақытылы енгізілмеген мәліметтердің анықталуы.

		3	Тексерілген журналдар	**1–4-сыныптар:** 16 сыныптың пән журналы тексерілді. **5–11-сыныптар:** 20 сыныптың пән журналы тексерілді. **Барлығы:** 36 сыныптың пән журналы. Журналдар талапқа сай жүргізілген, жалпы толтырылу көрсеткіші – 100%.			
		4	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар	**1–4-сыныптар:** КТЖ енгізілген, сағат саны оқу бағдарламасына сәйкес. Нәтиже: 100%. **5–11-сыныптар:** КТЖ енгізілген, сағат саны оқу бағдарламасына сәйкес. Нәтиже: 100%.			
		5	Сабақ тақырыптары	**1–4-сыныптар:** Сабақ тақырыптары өткізілген күнге сәйкес толық енгізілген. Нәтиже: 100%. **5–11-сыныптар:** Сабақ тақырыптары өткізілген күнге сәйкес толық енгізілген. Нәтиже: 100%.			
		6	Үй тапсырмасы	**1–4-сыныптар:** Үй тапсырмасы ҚР орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымға сәйкес жүргізілген (1-сыныпта үй тапсырмасы берілмейді). **5–11-сыныптар:** Үй тапсырмасының берілу нормасы аталған әдістемелік ұсым қосымшасына сәйкес сақталған.			
		7	Сабаққа қатысу	**1–4-сыныптар:** Қатыспаған оқушылардың белгілері мен себептері тіркелген. **5–11-сыныптар:** Қатыспаған оқушылардың белгілері мен себептері тіркелген.			
		8	Қалыптастырушы бағалау	**1–4-сыныптар:** Кері байланыс пен бағалау жазбалары қолданылатын талаптарға сәйкес. **5–11-сыныптар:** Кері байланыс пен бағалау жазбалары қолданылатын талаптарға сәйкес. **Барлығы:** Нәтиже: 591 ішінен 591.			
		9	БЖБ және ТЖБ	**1–4-сыныптар:** 2–4-сыныптарда өткізілген жиынтық бағалаулардың балдары мен күндері толық енгізілген. **5–11-сыныптар:** Өткізілген жиынтық бағалаулардың балдары мен күндері толық енгізілген.			

10	Тоқсандық қорытынды	**1–4-сыныптар:** 2–4-сыныптарда қорытынды бағалар есептелініп, уақытылы қойылған. **5–11-сыныптар:** Қорытынды бағалар есептелініп, уақытылы қойылған.
11	Сынып жетекшісінің жұмысы	**1–4-сыныптар:** Оқушылар туралы мәліметтер мен қатысу есебі өзекті. Нәтиже: 100%. **5–11-сыныптар:** Оқушылар туралы мәліметтер мен қатысу есебі өзекті. Нәтиже: 100%.
12	«Өмір қауіпсіздігі негіздері» және «Жолда жүру ережелері» курстары	**1–4-сыныптар:** «Өмір қауіпсіздігі негіздері» «Дүниетану» пәні аясында кіріктірілген: жылдық жүктеме 1–3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағат. «Жолда жүру ережелері» сынып сағаттарына 6 сағаттан кіріктірілген. **5–11-сыныптар:** 5–9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» «Дене шынықтыру» пәні аясында жылына 15 сағатпен кіріктірілген. 10–11-сыныптарда оның мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» курсы аясында 12 сағаттық жылдық жүктememен кіріктірілген. «Жолда жүру ережелері» 5–8-сыныптарда сынып сағаттарына 10 сағаттан кіріктірілген.
13	Қорытынды	**1–4-сыныптар:** Журналдар талапқа сай, толық әрі уақтылы жүргізілген. **5–11-сыныптар:** Журналдар талапқа сай, толық әрі уақтылы жүргізілген. **Барлығы:** 2025–2026 оқу жылы бойынша Kundelik.kz электрондық журналының жүргізілу жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды.

2026-2027 оқу жылы

№	Көрсеткіш	Атқарылған жұмыс және нәтиже
1	Жүйемен қамту	1–11-сыныптардағы 31 сынып-комплект, 457 білім алушы жүйеге тіркелді.
2	Оқу жоспары	№500 бұйрықтың 1-қосымшасы (1–4-сыныптар), 6-қосымшасы (5–9-сыныптар), 85-қосымшасы (10–11-сыныптар) бойынша барлық пәндер енгізілді.

3	Сабақ кестесі және жүктеме	Пәндердің апталық сағат саны, сыныптардың оқу жүктемесі және сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкестендірілді.
4	«Жеке қауіпсіздік»	Аптасына: 5–8-сыныптарда — 0,25 сағат; 9–11-сыныптарда — 0,5 сағат.
5	«Конституция негіздері»	Аптасына: 5–8-сыныптарда — 0,25 сағат.
6	«Заң және тәртіп»	Аптасына: 8-сыныптарда — 0,25 сағат; 9–11-сыныптарда — 0,5 сағат.
7	Элективті курстар	10 сыныпта-2 сағат,11 сыныпта-2 сағат *(Алаш тағлымы,Қазақстанның ежелгі дәуір және этникалық дәуірі)*
8	Сынып сағаттары	Аптасына 1 сағат сынып сағаты енгізілді
9	Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар	Тақырыптар, сабақ күндері және сағат саны оқу жоспары мен сабақ кестесіне сәйкес толтырылды.
10	Қолжетімділік	Ата-аналар мен оқушыларға электронды журналға кіру, кестені, тапсырмаларды және бағаларды көру мүмкіндігі берілді.
11	Қорытынды	Барлық сынып пен білім алушы жүйеге енгізілді. Пәндер, апталық жүктеме, сабақ кестесі және тақырыптық жоспарлар өзара сәйкестендірілді.

3. **МЖМБС талаптарына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейінде (бар болса) бейінді оқытуды жүзеге асыру.**

-білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды жүзеге асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері); білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру

«Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» ЖШС-де жеке бейінді сыныптар ашылмаған. 10–11-сыныптарда оқыту МЖМБС-ке сәйкес қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жүргізіледі.

4. **ҮОЖ сәйкес элективті курстар мен факультативтік сабақтарды қоса алғанда, вариативтік компонентті енгізу.**

- *ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын таңдау курстары мен вариативтік компонент факультативтерін жүзеге асыру*

Деңгей	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы	2026–2027 оқу жылы
1–4-сыныптар	**Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:** 1-сынып – 1 сағ (хореография) 2-сынып – 2 сағ (хореография, шахмат) 3-сынып – 1 сағ (шахмат) 4-сынып – 1 сағ (хореография)	**Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:** 1-сынып – 1 сағ («Сауат ашу») 2-сынып – 2 сағ (хореография, шахмат) 3-сынып – 1 сағ (шахмат) 4-сынып – 1 сағ (функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмалары)	**Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:** 1-сынып – 1 сағ («Сауат ашу») 2-сынып – 2 сағ (хореография, шахмат негіздері) 3-сынып – 1 сағ (шахмат негіздері) 4-сынып – 1 сағ (функционалдық сауаттылықты дамыту тапсырмалары)
5–9-сыныптар	«Жаһандық құзыреттіліктер» – 5–8-с. 0,5 сағ, 9-с. 1 сағ Таңдау бойынша пәндер (7–9-с.) – 3 сағ: география, ағылшын тілі, геометрия (7-с.) / алгебра (8–9-с.) **Элективті курс:** «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» – 1 сағ	«Жаһандық құзыреттіліктер» – 5–8-с. 0,5 сағ, 9-с. 1 сағ Таңдау бойынша пәндер (7–9-с.) – 3 сағ: география, ағылшын тілі, геометрия **Элективті курс:** «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» – 1 сағ	«Жеке қауіпсіздік» – 5–8-с. 0,25 сағ, 9-с. 0,5 сағ «Конституция негіздері» – 5–7-с. 0,25 сағ «Заң мен тәртіп» – 8-с. 0,25 сағ, 9-с. 0,5 сағ Элективті курстар – 0 сағ
10–11-сыныптар	«Жаһандық құзыреттілік» – 1 сағ **Элективті курстар – 2 сағ:** «Алаш тағылымы», «Қазақстанның ежелгі дәуір және ортағасырлардағы этникалық тарихы»	«Жаһандық құзыреттілік» – 1 сағ **Элективті курстар – 2 сағ:** «Сөзжасам мен морфология», «Практикалық грамматика»	«Заң және тәртіп» – 0,5 сағ «Жеке қауіпсіздік» – 0,5 сағ **Элективті курстар – 2 сағ:** «Қазақстанның ежелгі дәуір және ортағасырлардағы этникалық дәуірі», «Алаш тағылымы»

Тіршілік қауіпсіздігі негіздері және Жол қозғалысы ережелері курстары

5. **"Тіршілік қауіпсіздігі негіздері" міндетті оқу курсын оқудың сәйкестігі.**

-"тіршілік қауіпсіздігі негіздері" міндетті оқу курсын оқу

Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» пәні аясында жүзеге асырылады; жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады;

5-9-сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту «Дене шынықтыру» оқу пәнінің аясында дене шынықтыру мұғалімдерімен жылдық 15 сағаттық оқу жүктемесімен жүзеге асырылады. «Өмір қауіпсізді негіздері» бойынша сабақтар міндетті болып есептеледі және оқу уақытында өткізіледі.

- 10-11 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. 2026-2027 оқу жылынан «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәні «Бастапқы әскери дайындық» болып өзгерді. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

№	Пән	Қай пән аясында жүзеге асырылады	Сынып	Сағат саны	Жауапты
1	Өмір қауіпсіздігі негіздері	Дүниетану	1-3 сыныптар	6 сағат	Пән мұғалімі
2	Өмір қауіпсіздігі негіздері	Дүниетану	4 сыныптар	10 сағат	Пән мұғалімі
3	Өмір қауіпсіздігі негіздері	Дене шынықтыру	5-9 сыныптар	15 сағат	Пән мұғалімі
4	Өмір қауіпсіздігі негіздері	Бастапқы әскери даярлық	10-11 сыныптар	12 сағат	Пән мұғалімі

6. **"Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсының орындалуының сәйкестігі.**

-"Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсын жүзеге асыру

Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» «Жолда жүру ережелері» курстары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

- 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады;

2-4 сыныптардағы аралық бағалау, 5-11

№	Пән	Қай пән аясында жүзеге асырылады	Сынып	Сағат саны	Жауапты
1	Жолда жүру ережесі	Сынып сағаттары	1-4 сыныптар	6 сағат	Сынып жетекшісі
2	Жолда жүру ережесі	Сынып сағаттары	5-8 сыныптар	10 сағат	Сынып жетекшісі

сыныптардағы ТЖБ және БЖБ кестелері

7. **Инвариантты және вариативті компоненттерді қоса алғанда, МЖМБС белгілеген білім алушылардың апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы және сақталуы.**

- білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы; инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымдары үшін — түзету) құрамдастарын қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы

Жұмыс оқу жоспарларында білім алушылардың оқу жүктемесі ҮОЖ-ға сәйкес белгіленген. Ең жоғары апталық жүктеме сақталған, оқу жылының ұзақтығы 1-сыныпта – 33, 2–11-сыныптарда – 34 оқу аптасы.

Инвариантты + вариативті = ең жоғары апталық жүктеме / жылдық жүктеме (сағат, бір сыныпқа)

Сынып	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы	2026–2027 оқу жылы
1-сынып	18,5 + 1 = 19,5 / 643,5	18,5 + 1 = 19,5 / 643,5	18,5 + 1 = 19,5 / 643,5
2-сынып	22 + 2 = 24 / 816	22 + 2 = 24 / 816	22 + 2 = 24 / 816
3–4-сыныптар	25 + 1 = 26 / 884	25 + 1 = 26 / 884	25 + 1 = 26 / 884
5–6-сыныптар	27 + 1,5 = 28,5 / 969	27 + 1,5 = 28,5 / 969	28 + 0,5 = 28,5 / 969
7-сынып	28 + 4,5 = 32,5 / 1105	28 + 4,5 = 32,5 / 1105	31 + 0,5 = 31,5 / 1071
8-сынып	28 + 4,5 = 32,5 / 1105	28 + 4,5 = 32,5 / 1105	32 + 0,5 = 32,5 / 1105
9-сынып	29 + 5 = 34 / 1156	29 + 5 = 34 / 1156	33 + 1 = 34 / 1156
10–11-сыныптар	31 + 3 = 34 / 1156	31 + 3 = 34 / 1156	31 + 3 = 34 / 1156

Қорытынды: 2024–2025, 2025–2026, 2026–2027 оқу жылдарында барлық сыныптарда апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі ҮОЖ-да белгіленген ең жоғары көлемге сәйкес келеді және одан аспайды.

8. **Ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды қоса алғанда, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесінің орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкестігі,орта білімнен кейінгі білім беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген).**

- *білім алушылардың білімін бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және талаптарды сақтау қалыптастырушы және жиынтық бағалау*

2024–2025 оқу жылындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

2024–2025 оқу жылында ZAMAN мектебінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды. 2–11-сыныптарда БЖБ және ТЖБ өткізілді. БЖБ-ның максималды балы 2–4-сыныптарда 7–15 балл, 5–11-сыныптарда 7–20 балл аралығында белгіленді. БЖБ, ТЖБ кестелері жасалды және мектеп басшысының қолымен бекітілді. Бағалау тапсырмаларын педагогтер оқу бағдарламаларына сәйкес әзірледі.

БЖБ және ТЖБ өткізу кестелері жасалып, нормативтік талаптар сақталды. Бағалау нәтижелері электрондық журналға енгізіліп, тоқсандық бағаларды қою кезінде ескерілді. Жиынтық бағалау өткізілмейтін пәндерде БЖБ және ТЖБ жүргізілген жоқ. Есепті кезеңде модерацияны қажет ететін даулы жағдайлар тіркелмеді.

2024–2025 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша БЖБ және ТЖБ саны

Пәндер	**2-сынып**		**3-сынып**		**4-сынып**	
	БЖБ	**ТЖБ**	**БЖБ**	**ТЖБ**	**БЖБ**	**ТЖБ**
Қазақ тілі	8	4	8	4	8	4
Әдебиеттік оқу	8	4	8	4	8	4
Математика	11	4	12	4	12	4
Жаратылыс-тану	4	-	4	-	8	4
Дүниетану	4	-	4	-	4	-
Орыс тілі	8	4	8	4	8	4
Ағылшын тілі	—	—	8	4	8	4

2024–2025 оқу жылындағы 5-8 сыныптар бойынша ТЖБ саны

Пәндер	**5-**	**6-**	**7-сынып**	**8-**

	сынып	сынып		сынып
Қазақ тілі	1	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1
Математика	1	1	-	-
Алгебра	-	-	1	1
Орыс тілі	1	1	1	1
Ағылшын тілі	1	1	1	1
Қазақстан тарихы	1	1	1	1
Жаратылыстану	1	1	-	-
Физика	-	-	1	1
Химия	-	-	1	1
Биология	-	-	1	1

2024–2025 оқу жылындағы 9-11 сыныптар бойынша ТЖБ саны

Пәндер	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Қазақ тілі	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1
Алгебра	1	1	1
Орыс тілі	1	1	1
Ағылшын тілі	1	1	1
Қазақстан тарихы	1	1	1
Физика	1	1	1
Химия	1	1	1
Биология	1	1	1

2025–2026 оқу жылындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

2025–2026 оқу жылында ZAMAN мектебінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының қолданыстағы редакциясына сәйкес ұйымдастырылды. 2–11-сыныптарда БЖБ және ТЖБ өткізілді. БЖБ, ТЖБ кестелері жасалды және
мектеп басшысының қолымен бекітілді. БЖБ максималды балы 2–4-сыныптарда 7–15 балл, 5–11-сыныптарда 7–20 балл аралығында белгіленді. Бағалау нәтижелері электрондық журналға енгізіліп, тоқсандық баға қою кезінде ескерілді. Бағалау кестелерін жоспарлау кезінде

нормативтік талаптар сақталды. Жиынтық бағалау өткізілмейтін пәндерде БЖБ және ТЖБ жүргізілген жоқ. Оқу жылы барысында модерацияны қажет ететін даулы жағдайлар тіркелмеді.
2025–2026 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша БЖБ және ТЖБ саны

Пәндер	2-сынып		3-сынып		4-сынып	
	БЖБ	ТЖБ	БЖБ	ТЖБ	БЖБ	ТЖБ
Қазақ тілі	8	4	8	4	8	4
Әдебиеттік оқу	8	4	8	4	8	4
Математика	11	4	12	4	12	4
Жаратылыс-тану	4	-	4	-	4	-
Дүниетану	4	-	4	-	4	-
Орыс тілі	8	4	8	4	8	4
Ағылшын тілі	—	—	8	4	8	4

2025–2026 оқу жылындағы 5-8 сыныптар бойынша ТЖБ саны

Пәндер	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып
Қазақ тілі	1	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1
Математика	1	1	-	-
Алгебра	-	-	1	1
Орыс тілі	1	1	1	1
Ағылшын тілі	1	1	1	1
Қазақстан тарихы	1	1	1	1
Жаратылыстану	1	1	-	-
Физика	-	-	1	1
Химия	-	-	1	1
Биология	-	-	1	1

2025–2026 оқу жылындағы 9-11 сыныптар бойынша ТЖБ саны

Пәндер	9-сынып	10-сынып	11-сынып
Қазақ тілі	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1
Алгебра	1	1	1
Орыс тілі	1	1	1
Ағылшын тілі	1	1	1
Қазақстан тарихы	1	1	1
Физика	1	1	1
Химия	1	1	1
Биология	1	1	1

2026-2027 оқу жылындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

2026–2027 оқу жылында ZAMAN мектебінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының қолданыстағы редакциясына және 2026 жылғы 16 қыркүйектегі №257-НҚ бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

2–4-сыныптарда формативтік, аралық және қорытынды бағалау жүргізіледі.

Аралық бағалаудың ең жоғары балы:

2-сынып	3-сынып	4-сынып
12 балл	14 балл	16 балл

5–11-сыныптарда формативтік және жиынтық бағалау қолданылады. БЖБ тоқсанына үш реттен, апталық жүктемесі 1 сағаттық пәндерде екі реттен артық өткізілмейді. ТЖБ өткізу кезінде бір күнде үш жұмыстан асырмау, тоқсанның соңғы оқу күнінде өткізбеу және бір пәннің БЖБ мен ТЖБ-сын бір күнге жоспарламау талаптары сақталады.

Жиынтық бағалау жүргізілмейтін пәндер бойынша «есептелді» немесе «есептелмеді» белгісі қойылады. Бағалау тапсырмалары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес әзірленіп, академиялық адалдық талаптары сақталады. ТЖБ нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз ету үшін даулы жағдайлар туындаған кезде модерация қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізіледі.

2026–2027 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша аралық бақылау саны, 1-тоқсан

Пәндер	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Қазақ тілі	2	2	2
Әдебиеттік оқу	2	2	2
Математика	3	3	3

Жаратылыс-тану	1	1	1
Дүниетану	1	1	1
Орыс тілі	2	2	2
Ағылшын тілі	-	2	2
Еңбекке баулау	1	1	1
Бейнелеу өнері	1	1	1
Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект	1	1	1
Музыка	1	1	1
Дене шынықтыру	1	1	1

2026-2027 оқу жылындағы 5-8 сыныптар бойынша ТЖБ саны, 1-тоқсан

Пәндер	**5-сынып**	**6-сынып**	**7-сынып**	**8-сынып**
Қазақ тілі	1	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1	1
Математика	1	1	-	-
Алгебра	-	-	1	1
Геометрия	-	-	1	1
Орыс тілі	1	1	1	1
Ағылшын тілі	1	1	1	1
Қазақстан тарихы	1	1	1	1
Жаратылыстану	1	1	-	-
Физика	-	-	1	1
Химия	-	-	1	1
Биология	-	-	1	1
География	-	-	1	1

2026-2027 оқу жылындағы 9-11 сыныптар бойынша ТЖБ саны, 1-тоқсан

Пәндер	**9-сынып**	**10-сынып**	**11-сынып**
Қазақ тілі	1	1	1
Қазақ әдебиеті	1	1	1
Алгебра	1	1	1
Геометрия	1	-	-

Орыс тілі	1	1	1	
Ағылшын тілі	1	1	1	
Қазақстан тарихы	1	1	1	
Физика	1	1	1	
Химия	1	1	1	
Биология	1	1	1	
География	1	-	-	
Дүниежүзі тарихы	-	1	1	

9. **Жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың, орта, арнаулы, қосымша білім беру**

		ұйымдарының, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру және олардың нысандары мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды даярлық сыныптары мұғалімдерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттар тізбесінің талаптарына сәйкес білім беру сапасының ішкі мониторингі және мектепішілік бақылау жүйесінің жұмыс істеуі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген). - *үлгілік оқу бағдарламалары мен бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес білім берудің тиісті деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқудан күтілетін нәтижелер).* ZAMAN мектебінде білім беру сапасының ішкі мониторингі және мектепішілік бақылау ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Мектепішілік бақылау жыл сайын бекітілетін жоспар негізінде жүзеге асырылады. Бақылау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының орындалуы, білім алушылардың пәндер бойынша оқу жетістіктері, білім сапасының тоқсандық және жылдық көрсеткіштері, оқу құжаттамасының жүргізілуі және бағалау талаптарының сақталуы зерделенеді. Білім алушылардың дайындық деңгейі қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелері, тоқсандық және жылдық үлгерім көрсеткіштері негізінде талданады. Мониторинг қорытындылары талдамалық анықтамаларда көрсетіліп, педагогикалық кеңес пен әдістемелік бірлестіктердің отырыстарында қаралады. Анықталған мәселелер бойынша білім сапасын арттыруға бағытталған түзету шаралары жоспарланып, олардың орындалуына бақылау жүргізіледі. 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарындағы білім сапасының нәтижелері тоқсандар бойынша салыстырмалы түрде талданады. 2026–2027 оқу жылында ішкі мониторинг бекітілген мектепішілік бақылау жоспарына сәйкес жалғастырылады. 10. **Білім беру үдерісін ұйымдастырудың сәйкестігі жеке ерекшеліктеріне қарай білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың (бұдан әрі – ЕББҚ).** *-бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау (даму және әлеуметтік бейімделу бұзылыстарын түзету)* 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында және 2026-2027 оқу жылының қыркүйегінде ПМПК қорытындысы бар білім алушылар болған жоқ.Білім алушылардың жеке ерекшеліктері Ерекше білім берілуіне қажеттіліктерді бағалау қағидаларына сәйкес ескеріледі (ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы). 2025 жылдан бастап Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметі қағидалары да	2024-2025 оқу жылының 9 және 11 сынып емтихан хаттамалары 2025-2026 оқу жылының 9 және 11 сынып емтихан хаттамалары	

		басшылыққа алынады (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы). Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) құрамы жыл сайын директордың бұйрығымен бекітіледі: 2024–2025 о.ж. — 02.09.2024, №45/2; 2025–2026 о.ж. — 28.08.2025, №87/1; 2026–2027 о.ж. — 09.09.2026, №74/1. Құрамына педагог-психолог, педагог-логопед, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, пән мұғалімдері және сынып жетекшілері кіреді. Жыл сайын оқу жылының басында педагогикалық бақылау және психологиялық диагностика жүргізіледі: 1- және 5-сыныптардың бейімделуі, мазасыздық пен оқу мотивациясының деңгейі. Оқуда уақытша қиындықтары бар білім алушылармен жеке және топтық кеңестер, сабақта саралап оқыту және пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.Оның ішінде оқыту тіліне байланысты қиындықтары бар білім алушылар сүйемелденді. 2024 - 2025 оқу жылында 7-сыныпта қазақ тілін меңгеруде қиындықтары бар оқушы білім алды. 2025–2026 оқу жылында 6-сыныпқа оқыту тілін білмейтін оқушы келді. Екі оқушыға ППҚҚ сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен бірлесіп мынадай қолдау ұйымдастырды: - тілді меңгеру деңгейі мен пәндік білімге бастапқы диагностика жүргізілді; - ППҚҚ отырысында (13.09.2024, 15.09.2025, хаттама № 2) ерекше білім берілуіне қажеттіліктері анықталып, жеке сүйемелдеу жоспары құрылды; - қазақ тілінен қосымша жеке сабақтар ұйымдастырылды (аптасына 2 сағат, мұғалім Қожабек Дамира, Оспанова К.Ч.); - сабақтарда саралап берілген тапсырмалар, тірек сызбалар, терминдер сөздігі және көрнекі материалдар қолданылды; - бағалау кезінде жеке қиындықтар ескерілді: қосымша уақыт берілді, сөздікті пайдалануға және ауызша жауап беруге рұқсат етілді; - педагог-психолог жаңа сыныпқа бейімделу бойынша жұмыс жүргізді; - ата-аналарға кеңес берілді. Қолдау нәтижелері ППҚҚ отырыстарында қаралды. Оқу жылының қорытындысы бойынша 7-сынып оқушысы бағдарламаны меңгерді, қазақ тілі бойынша бағасы - 4. 2025–2026 оқу жылында 6-сынып оқушысында оң динамика байқалды, бағасы - 4. Қиындықтар уақытша сипатта болды және педагогикалық қолдау арқылы еңсерілді. 2026–2027 оқу жылынан бастап сүйемелдеу Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының нұсқаулық-әдістемелік хатында ұсынылған бірыңғай алгоритм бойынша ұйымдастырылады: 1. Педагогикалық бақылау. 2. ППҚҚ мамандарының тереңдетілген зерделеуі. 3. ЕБҚ анықтау. 4. Қажет болған жағдайда ПМПК-ға жолдау.		

		5. Жеке сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу және оның мониторингі. Дарынды білім алушылар үшін үйірмелер жұмыс істейді, олимпиадалар мен конкурстарға дайындық ұйымдастырылған. 11. **ЕББҚ бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын сақтау.** *- инклюзивті білім беру шеңберінде сыныптарды топтарға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып бөлуге қойылатын талаптарды сақтау* 2024–2025, 2025–2026 оқу жылдарында және 2026–2027 оқу жылының басында мектепте ПМПК қорытындысы бар білім алушылар болған жоқ. Сондықтан ПМПК ұсынымдары бойынша бейімделген оқу бағдарламалары мен жеке оқу жоспарлары әзірленбеді. Мектеп инклюзивті оқытуға дайындықты қамтамасыз етеді. Бұл жұмыс Қазақстан Республикасында инклюзивті саясатты дамытудың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес жүргізіледі (ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы): ППҚҚ жұмыс істейді. Оқудағы тұрақты қиындықтар анықталған жағдайда білім алушыны ПМПК-ға жолдау тәртібі айқындалған. Есепті кезеңде ПМПК-ға жолдама берілмеді. 10 педагог инклюзивті білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Қолжетімділік жағдайлары жасалған: қабаттар арасында жүруге арналған лифттер, пандустар, тұтқалар, бейімделген санитариялық тораптар, арнайы көлік тұрақ орындары және көмек шақыруға арналған SOS-түймелер бар. Білім алушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған моторика бұрышы жабдықталған. Педагогтер Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының инклюзивті білім беру бойынша әдістемелік ұсынымдарымен таныстырылды. Ұсынымдар бағдарламаларды бейімдеуге, бағалауға және қолжетімді ортаға қатысты. ПМПК қорытындысы бар білім алушы келген жағдайда оқу бағдарламалары мен бағалау ПМПК ұсынымдарына сәйкес бейімделеді. 12. **Білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау.** Мектепте білім беру бағдарламаларын меңгеру мерзімдері сақталған: бастауыш білім беру — **4 жыл (1–4-сыныптар)**, негізгі орта білім беру — **5 жыл (5–9-сыныптар)**, жалпы орта білім беру — **2 жыл (10–11-сыныптар)**. Оқу процесі бекітілген әр оқу жылының оқу жұмыс жоспарлары мен әр оқу жылының күнтізбелік кестесіне сәйкес ұйымдастырылған. Бағдарламаларды меңгеру мерзімдерін қысқарту немесе ұзарту жағдайлары тіркелмеген. 13. **МЖМБС-ға сәйкес оқу жылының ұзақтығына және каникул уақытына қойылатын талаптарды сақтау.** *-оқыту мерзіміне қойылатын критерийлер: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау;* *күнтізбелік жылдағы сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және демалыстардың ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау* **Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзіміне қойылатын талаптарды сақтау.** Мектепте оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі МЖМБС-қа сәйкес	2024-2025,2025-2026,2026-2027 оқу жылдарының басталу және аяқталу мерзімдері бойынша бұйрықтар.pdf	

сақталады: бастауыш білім (1–4 сыныптар) – 4 жыл, негізгі орта білім (5–9 сыныптар) – 5 жыл, жалпы орта білім (10–11 сыныптар) – 2 жыл.

Күнтізбелік жылдағы сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және демалыстардың ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. Оқу жылының ұзақтығы: 1-сынып – 33 оқу аптасы, 2–11 сыныптар – 34 оқу аптасы. Оқу жылы 4 тоқсаннан тұрады: I – 8 апта, II – 8 апта, III – 10 апта, IV – 8 апта.

Оқу жылының басталуы мен аяқталуы, күзгі, қысқы және көктемгі демалыстардың мерзімдері Оқу-ағарту министрлігінің әр оқу жылына арналған бұйрықтарына сәйкес мектеп бұйрықтар шығарылды:

- 2024–2025 оқу жылы – 2024 жылғы 26 тамыздағы № 42 бұйрық;
- 2025–2026 оқу жылы – 2025 жылғы 29 тамыздағы № 88 бұйрық;
- 2026–2027 оқу жылы – 2026 жылғы 07 қыркүйектегі № 61 бұйрық.

1-сынып оқушыларына үшінші тоқсанда 7 күнтізбелік күн қосымша демалыс берілді. Оқу жылының құрылымы мен демалыс кестесі мектептің жылдық жұмыс жоспарында бекітілген.

14. **Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың, Орта, орта білім беруден кейінгі, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерінің талаптарына сәйкестігі, оның ішінде қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, сондай-ақ төтенше жағдай, шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде (жекелеген объектілерде), төтенше жағдайлар жарияланған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33682 болып тіркелген) бекітілген және мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз ету.**

Мектепте қашықтықтан оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 27 қарашадағы № 349 бұйрығымен бекітілген Орта, орта білім беруден кейінгі, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқыту бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерінің талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында, төтенше жағдай, шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезде мектеп уәкілетті органның шешімі және мектеп директорының бұйрығы негізінде қашықтықтан оқытуға көшеді. Бұл кезде білім беру бағдарламалары МЖМБС-қа сәйкес толық көлемде орындалады.

2024–2025 оқу жылынан бастап мектепте қашықтықтан оқытуға көшу жағдайлары болған жоқ. Алайда, қашықтықтан оқытуға көшкен жағдайда мектеп барлық білім алушыларды онлайн оқытумен 100 % қамтамасыз ете алады. Ол үшін мектеп Microsoft платформасымен жұмыс істейді. Қашықтықтан оқытудың негізгі платформасы – Microsoft Teams. Платформа арқылы онлайн сабақтар өткізуге, оқу материалдары мен тапсырмалар жүктеуге және тексеруге, кері байланыс беруге болады. Педагогтер мен білім алушылардың жеке корпоративтік электрондық поштасы бар, ол арқылы олар Microsoft Teams жүйесіне кіре алады.. Педагогтер де, оқушылар да Microsoft Teams-пен жұмыс істеу дағдыларын толық меңгерген.

<table>
<tr>
<td>5</td>
<td>Тәрбие жұмысы</td>
<td>1. "Адал азамат" Бірыңғай тәрбие бағдарламасына сәйкес тәрбие жұмысының жылдық жоспарының болуы және бекітілуі, білім алушылардың азаматтығын, патриотизмін, рухани-адамгершілік құндылықтарын және тұлғалық мәдениетін қалыптастыру міндеттеріне сәйкес келеді.
-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруіне және танымдық міндеттерді шешуге, ұлттық салт-дәстүрлерді, мәдениеттімеңгеруге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын жүзеге асыру; білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін қамтамасыз ететін сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру
<table>
<tr><th>Оқу жылы</th><th>Жүргізілген жұмыс және нәтиже</th></tr>
<tr><td>2024–2025</td><td>Жылдық жоспар алғашқы педагогикалық кеңесте қаралып, директормен бекітілді. Ұлттық, жалпыадамзаттық және отбасылық құндылықтар, әлеуметтік жауапкершілік, экологиялық мәдениет, салауатты және қауіпсіз өмір салты бағыттары қамтылды.
Бағдарлама міндеттеріне сәйкес тәрбиелік іс-шаралар жүргізілді.</td></tr>
<tr><td>2025–2026</td><td>«Адал азамат» бағдарламасына негізделген жоспар Р. Ақмағамбетовамен келісіліп, директор Т.Б. Тлеулинамен бекітілді. Рухани-адамгершілік тәрбие, патриотизм, адалдық, азаматтық жауапкершілік және оқушының үйлесімді дамуы қамтылды.
Жоспар міндеттері сыныптан тыс жұмыс, клубтар, әлеуметтік жобалар және отбасымен ынтымақтастық арқылы іске асырылды.</td></tr>
<tr><td>2026–2027</td><td>Жоспар алғашқы педагогикалық кеңесте қаралып, Р. Ақмағамбетовамен келісілді, директор Г.Р. Нуровамен бекітілді. Қыркүйектегі жұмыстар «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылығымен байланыстырылды. Міндеттер Білім күні, Тілдер күні, Отбасы күні, Ұлттық күн, клубтар және «Қағанат» жұмысы арқылы іске асырылды.</td></tr>
</table>
2.Іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сыныптан тыс жұмыстардың әр түрлі формаларын ұйымдастырубілім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесі (үйірмелер, секциялар, іс-шаралар).
<table>
<tr><th>Оқу жылы</th><th>Жүргізілген жұмыс және нәтиже</th></tr>
</table>
</td>
<td>Әдістемелік ұсыныстарға 14-қосымша

2024-2025 оқу жылының Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру бойынша 14 қосымша.pdf

2025-2026 оқу жылының Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру бойынша 14 қосымша.pdf

2026-2027 оқу жылының Білім беру ұйымында тәрбие жұмысын ұйымдастыру және қосымша білім беру бойынша 14 қосымша.pdf</td>
<td></td>
</tr>
</table>

		2024–2025	«100 кітап», «100 күй» байқаулары, «Zaman time» тазалық күндері өткізілді. «Ұлттық валюта – теңге» іс-шарасы және «Адал ұрпақ» аясында 9–11-сыныптарға құқықтық түсіндіру жұмысы жүргізілді. «Менің шежірем – менің құндылығым» жобасында оқушылар ата-тегін TEDx форматында таныстырды. Наурыз, ұлттық ойындар, «Батаменен ел көгерер...» және «Жігіт сұлтаны» сайыстары ұйымдастырылды. 8 наурыз концерті, «Қымбатты анама!» хат жазу, «Жақсылық марафоны», 1 мамыр іс-шаралары өткізілді. «Саябақтар шеруі» сайысына қатысу және «Заман аманаты» сынып сағаттары ұйымдастырылды. Оқушылар кітап оқу, ұлттық өнер, шығармашылық, қайырымдылық және ұжымдық еңбек жұмыстарына тартылды.	Тәрбие жұмысының жылдық жоспарлары	
		2025–2026	«Сырғалым», «Жігіттер клубы», «Жас сахна», «Мейірімді жүрек», «Science club», «1Fit», «Zaman» дебат және поэзия клубтары жұмыс істеді. «Қағанат» оқушыларды мерекелерге, байқауларға, әлеуметтік бастамаларға біріктірді. Республика күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз, «Заман аруы – 2026», «Жігіт сұлтаны – 2026», ұлттық ойындар өткізілді. Қайырымдылық, волонтерлік, дебат, кәсіп иелерімен және ЖОО өкілдерімен кездесулер, мамандықтар жәрмеңкелері ұйымдастырылды. «Таза Қазақстан», сенбіліктер, ағаш отырғызу, экологиялық челленджер және «Таза мектеп – таза қоғам» жұмыстары жүргізілді. Бағдарлама міндеттері клубтар, өзін-өзі басқару, шығармашылық, кәсіби бағдар және қоғамдық пайдалы еңбек арқылы іске асырылды.		
		2026–2027 Қыркүйек	01.09 — Білім күні; 04.09 — Тілдер күні. 08.09 — «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» челленджі және уақытты басқару кездесуі; 11.09 — «Даналық мектебі» кездесулері. Әр жұмада Ұлттық күн өткізілді. 23.09 — Халықаралық ымдау тілдері күні. 30.09 — екі кезеңнен және жасырын дауыс беруден тұратын «Қаған сайлауы – 2026» өткізілді. Дебат, «Мейірімді жүрек», «SpeakArt», «Жас сахна», Қыздар және Жігіттер клубтары жұмыс істеді. 10-сынып оқушысы Игибаева Дамели Қаған болып сайланды. Бес орда әртүрлі жастағы оқушыларды біріктіріп, бастама ұсынуға және өзара қамқорлыққа жағдай жасады.		

3. **Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау талаптарын сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген).**

Оқу жылы	Жүргізілген жұмыс және нәтиже
2024–2025	«Мен және менің отбасым» спорттық эстафетасы, ата-аналар арасындағы футбол жарысы және ұлттық спорт сайыстары ұйымдастырылды. «Coffee morning» аясында «Чемпионды тәрбиелеп өсіру құпиясы» тақырыбында ата-анамен тәжірибе алмасу кездесуі өткізілді. Отбасылық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Менің шежірем – менің құндылығым» жобасы және «Қымбатты анама!» хат жазу жұмысы жүргізілді. Оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен «Аналар асыл жандар...» мерекелік кеші өткізілді. Жыл қорытындысы бойынша «Үздік отбасы» номинациясымен марапаттау ұйымдастырылды
2025–2026	Жалпы ата-аналар жиналыстары, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кездесулері және психологиялық-педагогикалық семинарлар өткізілді. «Даналық мектебі», Әкелер кеңесі және ата-аналардың қатысуымен сынып сағаттары ұйымдастырылды. Тәртіп, қауіпсіздік, жаңа оқушылардың бейімделуі бойынша жеке жұмыс жүргізілді. Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыс ата-аналар және психологпен бірлесіп ұйымдастырылды; жол қауіпсіздігі түсіндірілді. Мектеп пен отбасының байланысы жиналыс, семинар, бірлескен іс-шара және жеке профилактикалық жұмыс арқылы жүргізілді.
2026–2027 Алғашқы кезең	Отбасы күні аясында кездесулер, отбасылық ойындар мен құттықтау челленджі өткізілді. 08.09 — «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» және «Тайм-менеджмент және өзін-өзі ұйымдастыру»; 11.09 — «Даналық мектебі» кездесулері ұйымдастырылды. 5-сынып ата-аналарының ұсыныстары пән мұғалімдеріне жеткізілді. Үй тапсырмасын орындау қадамдарын түсіндіру және тапсырмаларды күнделікке жаздыру жөнінде нұсқау берілді. Ата-аналардың кері байланысы 5-сынып оқушыларының бейімделуін қолдауға және оқу жұмысын нақтылауға пайдаланылды.

4. **Білім алушылармен олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүргізу.**

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Білім алушылардың ата-аналарымен (Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау туралы

2024-2025 оқу жылының шарттарды тіркеу реестрі ң.pdf

2025-2026 оқу жылының шарттарды тіркеу реестрі.pdf

2026-2027 оқу жылының шарттарды тіркеу реестрі.pdf

Оқу жылы	Жүргізілген жұмыс және нәтиже
2024–2025	Сынып сағаттарында мектеп ережелері, жол, өрт, интернет қауіпсіздігі және төтенше жағдайлардағы іс-қимыл қарастырылды. Инспекторлармен кездесулерде құқықтар, міндеттер және құқық бұзушылықтың алдын алу түсіндірілді. Ата-аналар қатысқан қауіпсіздік пен жауапкершілік тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді. Ювеналды полиция есебінде оқушылар болған жоқ. Тәуекел тобында — 2 оқушы.
2025–2026	«Заң және тәртіп» аясында құқықтық сауаттылық апталығы, полициямен кездесулер, профилактикалық әңгімелер өткізілді. «ДосболLIKE» аясында сауалнамалар, тренингтер, психологиялық кездесулер, қыздар мен жігіттер жиналыстары ұйымдастырылды; медиация элементтері қолданылды. Жол, өрт, су, интернет қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар бойынша сабақтар, викториналар, акциялар өткізілді. Есептегі және тәуекел тобындағы оқушылармен ата-аналар мен психологтың қатысуымен жеке жұмыс жүргізілді. Кезекшілік, қатысу, кешігу, үзілістегі тәртіп және телефон жинау бақылауы ұйымдастырылды. Профилактика қауіпсіздік сабақтары, күнделікті бақылау, психологиялық қолдау және ата-аналармен жеке жұмыс арқылы жүргізілді.
2026–2027 Алғашқы кезең	Мектепке кірудің жаңа тәртібі түсіндіріліп, қатысу мен үзілістегі қауіпсіздік бақылауға алынды. 9–11-сыныптарға инспекторлармен бірлескен нашақорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу кездесуі өткізілді. Сенім жәшігі қолданылып, дәліздерге «111» байланыс орталығы туралы ақпарат ілінді. Шахмат, домбыра, футбол, волейбол, хореография, драма, қолөнер, робототехника үйірмелері және клубтар арқылы бос уақыт ұйымдастырылды. 5-сыныптардың бейімделуін қолдау бойынша ата-аналар ұсыныстары қарастырылып, мұғалімдерге нұсқау берілді. Көмекке жүгіну арналары туралы ақпарат берілді. Жеке профилактиканың нәтижесін бақылау, буллингтің алдын алуды күшейту және үйірмелермен қамтуды кеңейту қажеттілігі сақталды.

[қауіпсіздік және әл-ауқатын қамтамасыз ету профилактикасы]

6	**Оқу-материалдық активтер**	1. **Меншік, шаруашылық жүргізу, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару не жалға алу құқығында материалдық активтердің (ғимараттардың, үй-жайлардың) болуы және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі.** *-бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу қажеттілігі және т.б.). Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, не кемінде 10 жыл мерзімге жалға алу құқығында тиесілі материалдық құндылықтардың болуы немесе пайдаланылуы туралы мәліметтер (кабинеттер, дәріс залдары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер мен мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және спорт залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы объектілер, өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар, қолжуғыштар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайдың болуы, тұруға жағдайдың болуы)* «Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің білім беру қызметі негізгі және қосымша корпустарда жүзеге асырылады. **1. Негізгі корпус – А КОРПУСЫ** Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы шағын ауданы, Кенесары хан көшесі, 56/1 үй. Ғимараттың жалпы ауданы – **8 722,4 ш.м.** Жобалық қуаты – **590 оқушы** Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі – **20-322-027-771**. Жер учаскесінің ауданы – **1,2751 га**. Жер санаты – **елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері**. Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – **тұрғын корпустары және медициналық орталығы бар жалпы білім беретін және мектепке дейінгі объект үшін**. Тұрақты жер пайдалану құқығына акт – **№ 2207131120514047**. Негізгі корпусқа техникалық паспортты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның Алматы қаласы бойынша филиалы **2024 жылғы 2 тамызда** берген. **Негізгі корпус бойынша объектіні пайдалануға қабылдау актісі 2022 жылғы 7 шілдеде** берілген. **2. Қосымша корпус – В КОРПУСЫ** Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Қарғалы шағын ауданы, Кенесары хан көшесі, 56/3 үй. Ғимараттың жалпы ауданы – **2 945,61 ш.м.**	Объектіні пайдалануға қабылдау актісі 07.07.2022ж (А корпусы бойынша).pdf Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты А корпусы бойынша;.pdf Объектіні пайдалануға қабылдау актісі	Ресми интернет-ресурста орналастырылады. "Е-лицензиялау" МДҚ материалдары не ресми интернет-ресурста орналастырылады

Жобалық қуаты – **210 оқушы**
Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі – **20-322-027-772**.
Жер учаскесінің ауданы – **0,5180 га**.
Жер санаты – **елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық елді мекендердің) жерлері**.
Жер учаскесінің нысаналы мақсаты – **тұрғын корпустары және медициналық орталығы бар жалпы білім беретін және мектепке дейінгі объект үшін**.
Қосымша корпусқа техникалық паспортты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ның Алматы қаласы бойынша филиалы **2024 жылғы 15 қазанда** берген.
Қосымша корпус бойынша **объектіні пайдалануға қабылдау актісі 2024 жылғы 3 қыркүйекте** берілген.
«А» және «В» корпустары күрделі құрылыстың жылы өтпесі арқылы жалғанған.

03.09.2024ж (В корпусы бойынша).pdf

Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты В корпусы бойынша.pdf

Алматы қаласының әкімдігінің қаулысы.pdf

Мектептің жер учаскесіне акт.pdf

Оқу кабинеттері мен арнайы үй-жайлар
Мектепте білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті пәндік кабинеттер мен арнайы үй-жайлар жабдықталған.

А корпусының оқу кабинеттері:

№	Кабинет атауы	Ауданы, м²
1	Қазақ тілі кабинеті	56,6
2	Математика кабинеті	44,9
3	Математика кабинеті	44,2
4	Математика кабинеті	60,2
5	Физика кабинеті	63,8
6	Химия кабинеті	56,79
7	Биология кабинеті	60,1
8	Биология зертханасы	17,5
9	Информатика кабинеті	39,4
10	Ағылшын тілі кабинеті	40,9

В корпусының оқу кабинеттері:

№	Кабинет атауы	Ауданы, м²
1	Қазақ тілі кабинеті	56,6
2	Қазақ тілі кабинеті	44,7
3	Қазақ тілі кабинеті	56,6

		4 Қазақ тілі кабинеті 39,4 5 Математика кабинеті 29,5 6 Математика кабинеті 63,8 7 Физика кабинеті 44,9 8 Химия кабинеті 43,9 9 Химия зертханасы 17,3 10 Биология кабинеті 44,7 11 Информатика кабинеті 44,2 12 Ағылшын тілі кабинеті 25,4 13 Робототехника кабинеті 89,5			

Спорттық, мәдени және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылым

Мектепте білім алушылардың дене шынықтыру, шығармашылық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған үй-жайлар бар.

Үй-жай атауы	Ауданы, м²	Қосымша мәлімет
Негізгі спорт залы	516,5	Дене шынықтыру сабақтарына арналған
Кіші спорт залы	165,3	Спорттық және қозғалыс белсенділігі сабақтарына арналған
А корпусының кітапханасы	85,7	Оқу және ақпараттық ресурстар
В корпусының кітапханасы	98,9	Оқу және ақпараттық ресурстар
Акт залы	148,9	120 орын
Медициналық кабинет	17,3	Медициналық қызмет көрсетуге арналған
Изолятор бөлмесі	16,9	Медициналық көрсетілімдер болған кезде оқшаулауға арналған
Тамақтану залы	421,1	Асханадағы тамақтану орны

		Асхана бөлмелері	33,8	Тамақ дайындау және оған байланысты процестерге арналған	

Материалдық-техникалық жабдықталуы

Мектептің оқу-материалдық базасында білім беру процесін ұйымдастыруға, цифрлық ресурстарды пайдалануға және интерактивті оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар бар.

№	Жабдық атауы	Саны
1	Компьютерлер	130
2	Ноутбуктер	62
3	Принтерлер	80
4	Интерактивті тақталар	58
5	Проекторлар	2
6	Планшеттер	20

Жабдықтар мен жиһаздың құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген, кейінгі өзгерістері ескерілген жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес тексеріледі.

Санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы

Мектеп ғимараттары мен үй-жайларын пайдалану кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды, өрт қауіпсіздігі қағидаларын және білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған талаптарды сақтау көзделеді.

Үй-жайлардың тазалығы, жарықтандырылуы, желдетілуі, жылыту жүйелерінің жұмысы, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жарамдылығы, санитариялық тораптардың жағдайы және аумақтың күтіп-ұсталуы белгіленген тәртіппен бақыланады.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өртке қарсы қорғау құралдарының жарамдылығы, эвакуациялық шығу жолдарының қолжетімділігі, қауіпсіз эвакуациялау тәртібі және қызметкерлерге тиісті нұсқама өткізу мәселелері ұйымдастырылады.

Осы бағыттар бойынша сәйкестікті растайтын құжаттарға санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды, өрт қауіпсіздігіне қатысты тексеру актілері, инженерлік жүйелерді тексеру құжаттары, өртке қарсы жабдықтарға техникалық қызмет көрсету құжаттары және өзге де тиісті актілер жатады.

Бейнебақылау, жеке шкафтар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған жағдайлар

Білім алушылардың жеке заттарын сақтау үшін жеке пайдалануға арналған шкафтар қарастырылған. Олардың саны, орналасуы және нақты пайдаланылуы мектептің материалдық-техникалық мүлкін түгендеу құжаттарымен расталады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолжетімді орта қалыптастыру мәселесі ғимаратқа кіру, қозғалу, санитариялық тораптарды пайдалану және білім беру

		қызметтеріне қол жеткізу мүмкіндіктерін ескере отырып бағаланады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін кіру жолдары икемделген: өткізу пункті арнайы турникет - бар, пандус – бар, тұтқалар-бар, кедергісіз кіру жолы-бар, лифт - бар, арнайы санитариялық тораптар-бар, А корпусы дәретхана-3 , В корпусы дәретхана -3, асханада-1, спорт зал-1 2. **Оқу кабинеттерінің, зертханалардың, шеберханалардың, спорт және акт залдарының, кітапхананың құрал-жабдықтармен, жиһаздармен және оқу инфрақұрылымымен жабдықталуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын құрал-жабдықтармен және жиһаздармен жабдықтау нормаларына сәйкес келуі. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген).** *-білім беру ұйымдарының жабдықтармен, жиһазбен, оқу-зертханалық жабдықтармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталуы туралы мәліметтер;* *- жеке шкафтардың болуы туралы мәліметтер* «ZAMAN» қазақ элиталық мектебі» ЖШС оқу инфрақұрылымы екі оқу корпусында орналасқан. Жобалық сыйымдылығы А корпусында 590 орын, В корпусында 210 орын. Кабинеттер, залдар мен кітапхана ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулармен) бекітілген жабдықтау нормаларына сәйкес жабдықталған. **Пәндік кабинеттер мен зертханалар.** Мектепте 20 пәндік кабинет жұмыс істейді: А корпусында 11, В корпусында 9. Олардың қатарында физика, химия және биология кабинеттері (әр корпуста бір-бірден), информатика, қазақ тілі, математика және ағылшын тілі кабинеттері бар. В корпусында ауданы 89,5 м² робототехника кабинеті жабдықталған. **Компьютерлік сыныптар.** Екі компьютерлік сынып бар (А корпусы, 205 кабинет; В корпусы, 105 кабинет). Әрқайсысында 20 компьютер жиынтығы (ASUS PRIME; Intel Core i5-11400, 8 GB, SSD 512 GB), 20 оқушы орны, мұғалім үстелі, кітап шкафтары және интерактивті тақта орнатылған. **Техникалық оқыту құралдары.** Барлығы 130 компьютер, 42 ноутбук, 20 планшет, 62 интерактивті тақта, 80 принтер, 2 проектор және 1 бейнежазба студиясы бар. Интернет жылдамдығы 300 Мбит/с-қа дейін. Мектеп пәндер бойынша 12 цифрлық білім беру ресурсын пайдаланады (GeoGebra, Mathletics, PhET, Gizmos, Code.org, Scratch, Duolingo және т.б.). **Акт залы, спорт залдары, кітапхана.** А корпусында акт залы (148,9 м²), үлкен спорт залы (560 м²), кіші спорт залы (166 м²) және сыртқы футбол алаңы (758,2 м²) бар. Кітапхана екі корпуста орналасқан: А корпусында 83,7 м², В корпусында 98,9 м². **Қауіпсіздік және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар.** Өткізу пункті (90 м²) 4 турникетпен жабдықталған. Бейнебақылау жүйесі 268 камерадан тұрады: 224 сыртқы, 44 ішкі. Әр қабатта	Әдістемелік ұсыныстарға 9-қосымша Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы (қосымша 9)...pdf барлық оқу және зертхана бөлмелерінің паспорттары.pdf прекурсор лицензиясы.pdf	

санитариялық тораптар мен қол жуғыштар бар, В корпусында әр қабатта душ бөлмесі қарастырылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін пандус, тұтқалар, арнайы турникет және бейімделген санитариялық тораптар орнатылған.

Материалдық-техникалық базаның негізгі көрсеткіштері.

Көрсеткіш	Мәні
Жобалық сыйымдылығы (А / В корпус)	590 / 210 орын
Пәндік кабинеттер (А / В корпус)	11 / 9
Компьютерлік сыныптар	2 (20 орыннан)
Компьютерлер / ноутбуктер / планшеттер	130 / 42 / 20
Интерактивті тақталар	62
Принтерлер / проекторлар	80 / 2
Бейнежазба студиясы	1
Интернет жылдамдығы	300 Мбит/с дейін
Акт залы	148,9 м²
Спорт залдары (үлкен / кіші)	560 м² / 166 м²
Сыртқы футбол алаңы	758,2 м²
Кітапхана (А / В корпус)	83,7 м² / 98,9 м²
Бейнебақылау камералары (сыртқы / ішкі)	224 / 44

		3. **Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету (медициналық пункттің, лицензияның немесе келісімшарттың болуы).** *-білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер* Білім беру ұйымында білім алушыларға медициналық қызмет көрсету қолданыстағы біліктілік талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі. Медициналық қызмет көрсетуге тиісті лицензия бар. Медициналық пункт білім алушылардың денсаулығын сақтау, олардың денсаулық жағдайын бақылау, алғашқы медициналық көмек көрсету және аурулардың алдын алу мақсатында қажетті құрал-жабдықтармен және медициналық керек-жарақтармен қамтамасыз етілген. Медициналық пунктте санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанПиН) талаптарына сәйкес алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар, дәрілік заттарды белгіленген температуралық режимде сақтауға арналған тоңазытқыш, білім алушылардың бойын өлшеуге арналған бойөлшегіш және дене салмағын анықтауға арналған таразы бар. Медициналық пункттің материалдық-техникалық жабдықталуы білім алушылардың денсаулық жағдайын бақылауға, антропометриялық өлшеулер жүргізуге және қажет болған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру барысында санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуына, медициналық құрал-жабдықтардың жарамды күйде болуына, дәрілік заттарды сақтау шарттарының орындалуына және білім алушылардың денсаулығын қорғауға ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша, білім беру ұйымында білім алушыларға медициналық қызмет көрсету үшін тиісті лицензия және қажетті медициналық жабдықтар қарастырылған.	Әдістемелік ұсыныстарға 10-қосымша Медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы (қосымша 10).pdf медициналық қызмет көрсету туралы лицензия.pdf	
		4. **Объектілердің біліктілік талаптарына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі.** 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында мектепте білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, еңбекті қорғау талаптарын сақтауға, өрт қауіпсіздігі шараларын ұйымдастыруға және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Жұмыстар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, мектептің ішкі нормативтік құжаттарына және бекітілген жоспарларға сәйкес ұйымдастырылды. **2024–2025 оқу жылы:** Еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағыттары бойынша ұйымдастырушылық шаралар кешені іске асырылды.	2024-2025 оқу жылына арналған Қауіпсіздік туралы ереже.PDF кіріспе нұсқама 2024-2025.PDF	

		Қауіпсіздік талаптарын сақтау, нұсқамалар өткізу және төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл тәртібін түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылды. **2025–2026 оқу жылы:** Қауіпсіздік шараларын жүйелі ұйымдастыру, қызметкерлер мен білім алушылардың төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау және мектептегі қауіпсіздік талаптарының орындалуын бақылау жұмыстары жалғасты. Өрт қауіпсіздігі, эвакуациялау, терроризмге қарсы қорғаныс және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына ерекше назар аударылды. **2026–2027 оқу жылы:** Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жоспарлы жұмыстар өз жалғасын табуда. Қызметкерлер мен білім алушылардың қауіпсіздік талаптарын сақтауын бақылау, оқу-жаттығуларды ұйымдастыру, ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізу және мектепте қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыру көзделіп отыр. Үш оқу жылы ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау бағытындағы жұмыстарды жүйелеу, ережелерді түсіндіру, нұсқамалар өткізу, төтенше жағдайларға дайындықты арттыру және мектеп аумағындағы қауіпсіздікті бақылау шаралары толық қамтылды. Атқарылған жұмыстар мектепте қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға, білім алушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауға және төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталды. 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау бағыттарын өзін-өзі бағалау нәтижесінде барлық қажетті ұйымдастырушылық және профилактикалық шаралардың тиісті деңгейде жүзеге асырылғаны анықталды. Мектепте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, еңбекті қорғау талаптарын сақтау, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға дайындықты арттыру және ұжым мен білім алушылардың қауіпсіздігін қорғау жұмыстары алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады. Мектепте өрт немесе басқа да төтенше жағдайлар туындаған кезде білім алушылардың, педагогтердің және техникалық персоналдың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шаралары қарастырылған. Төтенше жағдай кезінде оқушылар мен қызметкерлерді қауіпсіз жерге жедел эвакуациялау тәртібі белгіленген. Эвакуациялау жолдары мен шығу есіктері бос ұсталып, адамдардың кедергісіз қозғалуына жағдай жасалған. Оқу кабинеттері, дәліздер, баспалдақтар және санитариялық тораптар таза ұсталып, санитариялық тазалық талаптары сақталады. Ғимараттың желдету жүйелерінің жарамдылығы қамтамасыз етіледі, ал өрттен кейін үй-жайларды желдету және тазалау жұмыстары жүргізіледі. Өрттен кейін түтінмен, күйемен немесе жану өнімдерімен ластанған үй-жайларда санитариялық тазалау және қажет болған жағдайда дезинфекциялау жұмыстары ұйымдастырылады. Ауыз су көздерінің, ас блогының, азық-түлік өнімдерінің және медициналық кабинеттің санитариялық қауіпсіздігіне бақылау жүргізіледі. Өрт салдарынан сумен жабдықтау, кәріз жүйесі	2024-2025 оқу жылының қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар 2025-2026 оқу жылына арналған Қауіпсіздік туралы ереже.pdf кіріспе нұсқама 2025-2026.pdf 2025-2026 оқу жылының қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар 2026-2027 оқу жылына арналған Қауіпсіздік туралы ереже.PDF кіріспе нұсқама 2026-2027.pdf 2026-2027 оқу жылының қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтар СЭС қортындылары	

		немесе желдету жұмысы бұзылған жағдайда ақаулар жойылғанға дейін тиісті үй-жайларды пайдалану шектеледі.). Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, қажет болған жағдайда жедел медициналық жәрдем шақырылады. .. Ғимаратты қайта пайдалануға беру алдында оның санитариялық жағдайы бағаланып, адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін факторлардың жоқтығы қамтамасыз етіледі. Мектепте санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес ұйымдастырылады. 5.**Біліктілік талаптарына сәйкес білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдайлардың болуы.** *-білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер* Мектепте білім алушылардың сапалы әрі қауіпсіз тамақтануын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Білім алушыларды тамақтандыру санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады. Мектепте білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыруға арналған **асхана (тамақтандыру объектісі)** қарастырылған. Асхана қажетті жабдықтармен және мүліктермен қамтамасыз етілген. Тамақтану орындарының санитариялық жағдайы талаптарға сәйкес сақталады, тазалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі. Білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Тамақтандыруды ұйымдастыру барысында тағамдардың сапасы мен қауіпсіздігіне, ас мәзірінің талаптарға сәйкестігіне, тамақ өнімдерін сақтау шарттарына және санитариялық нормалардың орындалуына бақылау жүргізіледі. Білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру мектеп әкімшілігінің бақылауында болады. Тамақтандыру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және білім алушылардың денсаулығын сақтау мақсатында тиісті жұмыстар жүргізіледі. **6.Біліктілік талаптарында көзделген ауыз су режимін ұйымдастыруға және санитарлық тораптарды қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау.** Мектепте білім алушылар мен қызметкерлерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында «Арман Су» ауыз су жеткізуші компаниясымен келісімшарттар жасалған. Білім беру ұйымында ауыз су ішуге арналған диспенсерлер жеткілікті мөлшерде орнатылған. Ауыз суға еркін	Әдістемелік ұсыныстарға 11-қосымша Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер (қосымша 11).pdf білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы туралы құжаттар ауыз су жеткізуші компаниясымен келісімшарттар	

қолжетімділік қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, мектепте санитариялық тораптар қарастырылған, олардың санитариялық жағдайын сақтау және тазалығын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі. Осылайша, мектепте ауыз су режимін ұйымдастыруға және санитариялық тораптармен қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтау бойынша қажетті жағдайлар жасалған.

7.**Бейнебақылау жүйесінің және біліктілік талаптарына сәйкес қауіпсіздік шарттарының болуы.**

Бейнебақылау камераларының жалпы саны – 268, оның ішінде:

- 224 ішкі бейнебақылау камерасы;
- 44 сыртқы бейнебақылау камерасы.

Бейнебақылау жүйесінде UNV (Uniview) компаниясы өндірген кәсіби деңгейдегі камералар пайдаланылады. Камералардың техникалық сипаттамалары
оқиғаларды анықтауға және нысандарды бақылауға қажетті бейне сапасын қамтамасыз етеді.

Бейнебақылау жүйесін жобалау және пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 32 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Техникалық сипаттамалары бойынша орнатылған жабдықтар мен бейнебақылау жүйесінің конфигурациясы қолданыстағы нормативтік талаптарда белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келеді және бірқатар көрсеткіштер бойынша олардан жоғары деңгейде қамтамасыз етілген.
Бейнебақылау жүйесі мектептің негізгі аумақтарын қамтиды.
Аумақ периметрі:

- мектептің ғимаратына іргелес аумақтар;
- сыртқы периметрдің негізгі учаскелері;
- ғимаратқа кіреберіс жолдар;
- көлік құралдарының кіріп-шығу орындары.

Кіру және шығу аймақтары:

- негізгі кіреберіс;
- авариялық кіру және шығу жолдары;
- қызметтік кіру және шығу жолдары;
- көлік құралдары кіретін орындар;
- кіреберістерге іргелес аумақтар.

Ғимарат ішіндегі ортақ пайдалану аймақтары:

- вестибюльдер;
- дәліздер;
- баспалдақ алаңдары;
- холлдар;
- гардероб аймақтары;
- асханаға кіреберіс аймақтары;

		• басқа да негізгі ортақ пайдалану орындары. Оқу сыныптары да бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Сыныптардағы бейнежазба қозғалысты анықтау функциясы арқылы жүзеге асырылады. Бұл бейнеархив көлемін оңтайландыруға және қажет болған жағдайда оқиғаларды кейіннен қарап шығуға мүмкіндік береді. Бейнежазбалар 60 күннен астам уақыт бойы сақталады. Бұл ұзақ уақыт аралығындағы мұрағаттық жазбаларға қол жеткізуге және қажет болған жағдайда оқиғаларды талдауға мүмкіндік береді. Бейнебақылау жүйесіне қол жеткізу сараланған қолжетімділік құқықтары арқылы реттеледі. Тиісті бөлімшелердің сұранысы бойынша қажетті бақылауды қамтамасыз ету мақсатында Жедел басқару орталығына (ЖБО) үш бейнебақылау камерасына қолжетімділік берілген. Мектепте кіруді бақылаудың автоматтандырылған жүйесі енгізілген. Пайдаланушыларды сәйкестендіру үшін Face ID технологиясы қолданылады. Қолжетімділікті бақылау инфрақұрылымы аясында: 5 турникет; 10 Face ID терминалы орнатылған. Жүйеде студенттер мен оқытушылар құрамы тіркелген. Кіру рұқсаты пайдаланушыны сәйкестендіру нәтижелері негізінде беріледі. Жүйе: • кіру және шығу қозғалысын бақылауға; • кіру-шығудың электрондық журналын жүргізуге; • рұқсаты жоқ тұлғалардың кіруін шектеуге; • пайдаланушылардың қозғалысы туралы ақпаратты тіркеуге мүмкіндік береді. Мектептің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мынадай шаралар қарастырылған: • күзет/қабылдау бекеті; • кіруді бақылаудың автоматтандырылған жүйесі; • ішкі және сыртқы бейнебақылау жүйесі; • дабыл түймесі; • кіру және шығу нүктелерін бақылау; • ұйым аумағын бейнебақылау; • оқиғалар туралы деректерді тіркеуге және сақтауға арналған техникалық жүйелер. Ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ұйым аумағында қауіпсіз ортаны қалыптастыруға бағытталған. 8.**Біліктілік талаптарына сәйкес инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жағдай жасау.** *-ерекше білім беруі қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер* Мектепте ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың ғимаратқа кедергісіз кіруі, еркін қозғалуы, санитариялық тораптарды пайдалануы және білім беру қызметтеріне толық қол жеткізуі үшін біліктілік талаптарына сай барлық қолжетімділік жағдайлары жасалған.		

		Кіру жолдарының икемділігі: Ғимаратқа кіру аумағында арнайы көлік тұрақ орындары, кедергісіз кіру жолы, өткізу пунктінде арнайы турникет, нормативке сай пандус, тұтқалар және көмек шақыруға арналған SOS-түймелері орнатылған. **Ғимарат ішінде қозғалу мүмкіндігі:** Қабаттар арасында кедергісіз жүруге арналған жеделсатылар (лифттер) мен қабырғалық тұтқалар толық жұмыс істеп тұр. **Санитариялық-гигиеналық жағдайлар:** Ерекше қажеттілігі бар жандардың пайдалануы үшін арнайы бейімделген санитариялық тораптар (дәретханалар) қарастырылған. **Дамытушы орта:** Білім алушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған арнайы моторика бұрышы жабдықталған. **Санитариялық-гигиеналық жағдайлар:** Ерекше қажеттілігі бар жандардың пайдалануы үшін арнайы бейімделген санитариялық тораптар (дәретханалар) қарастырылған. **Дамытушы орта:** Білім алушылардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған арнайы моторика бұрышы жабдықталған.		
6	**Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар**	1.**Біліктілік талаптарына сәйкес кітапхана қорын (оқулықтармен, оқу-әдістемелік және көркем әдебиеттермен) қамтамасыз ету.** -*бастауыш білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау, негізгі орта және жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін. Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы туралы мәліметтер* Кітапхана қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапхана қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау қағидаларына, сондай-ақ білім беру ұйымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес ұйымдастырылған.Мектепте білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру деңгейлеріне сәйкес екі кітапхана жұмыс істейді. Мектептің А корпусында орналасқан кітапхана бастауыш сынып білім алушыларына қызмет көрсетеді. Кітапхананың жалпы ауданы 85,7 ш.м., оқу залында 25 оқырман орны бар. В корпусында негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің білім алушыларына қызмет көрсететін кітапхана орналасқан. Кітапхананың жалпы ауданы 98,9 ш.м., оқу залында 30 оқырман орны қарастырылған.Кітапхана қоры оқу бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен, көркем әдебиеттермен, анықтамалық және ғылыми-танымдық басылымдармен қамтамасыз етілген. Қорды толықтыру, есепке алу, сақтау және пайдалану жұмыстары қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі. Кітапхана қызметінің барлық бағыттары бойынша есептік, есепке алу және қор қозғалысына қатысты құжаттама белгіленген тәртіппен рәсімделіп, жүргізіледі Білім алушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету деңгейі 100%-ды құрайды.Кітапханалардың материалдық-техникалық базасы білім беру процесінің талаптарына сәйкес келеді. Кітапхана қызметін автоматтандыру мақсатында «КАБИС» автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесі қолданылады. Кітапхана қорының электрондық каталогы қалыптастырылған, оқырмандарды тіркеу, кітап беру және қабылдау процестері электрондық форматта жүзеге асырылады.Білім алушылар мен педагогтердің	Әдістемелік ұсыныстарға 12-қосымша мектеп кітапханасының оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер (12 қосымша).pdf	Ресми интернет-ресурста орналастырылады

кітапхана қорындағы баспа ресурстарына, сондай-ақ BilimLand, Google Classroom және Microsoft Teams цифрлық білім беру платформаларына қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Кітапханалар компьютерлік техникамен және медиапанельдермен жабдықталған, бұл электрондық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.Мектеп кітапханалары оқу-тәрбие процесін ақпараттық қолдау орталығы ретінде қызмет атқарады. Республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқуды насихаттау және оқырмандық мәдениетті қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізіледі. Жылдық жоспарға сәйкес кітап көрмелері, әдеби кештер, кітап оқу челленджері, көркем сөз оқу байқаулары, буккроссинг акциялары, тақырыптық апталықтар және ақын-жазушылармен кездесулер ұйымдастырылады.

2024-2025 оқу жылында өткен кітапхана жұмысының есебі

Оқушы саны	546
Педагог саны	76
Оқырман саны	584
Келу саны	3876
Кітаптың берілуі	4936
Кітаптың оқылу	8,5
Кітаптың айналымы	0,36
Кітаппен қамтамасыз етілуі	100%

Кітапханадағы кітап фонды: 13704 дана
Оның ішінде оқулықтар: 9179 дана
Көркем әдебиет: 4045 дана
Дидактика және әдістеме: 450 дана
Электрондық оқулықтар: 30 дана

2025-2026 оқу жылында өткен кітапхана жұмысының есебі

Оқушы саны	530
Педагог саны	83
Оқырман саны	572
Келу саны	4064
Кітаптың берілуі	5084
Кітаптың оқылу	8,9
Кітаптың айналымы	0,34
Кітаппен қамтамасыз етілуі	100%

Кітапханадағы кітап фонды: 14900 дана
Оның ішінде оқулықтар: 10240дана
Көркем әдебиет: 4150 дана
Дидактика және әдістеме: 480 дана
Электрондық оқулықтар: 30 дана

2026-2027 оқу жылының кітапхана жұмысының болжамы

Оқушы саны	457
Педагог саны	72
Оқырман саны	493
Келу саны	3936
Кітаптың берілуі	4526
Кітаптың оқылу	9,2
Кітаптың айналымы	0,28
Кітаппен қамтамасыз етілуі	100%

Кітапханадағы кітап фонды: 16239 дана
Оның ішінде оқулықтар: 11299 дана
Көркем әдебиет: 4400 дана
Дидактика және әдістеме: 500 дана
Электрондық оқулықтар: 40 дана

2. **Біліктілік талаптарына сәйкес білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қамтамасыз етілуі және қолданылуы.**

-*Интернет желісіне қосылған компьютерлері бар компьютерлік сыныптардың болуы туралы мәліметтер (шағын жинақталған мектептерді қоспағанда)*

А корпусы, 205-кабинет

А корпусының 205-кабинеті компьютерлік техникамен және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті жиһаздармен жабдықталған. Кабинетте ASUS PRIME аналық платасы негізіндегі 20 компьютер жиынтығы, 2 кеңсе шкафы, 1 мұғалім үстелі, 20 оқушы үстелі, 20 орындық, 1 модульдік кресло және 1 интерактивті тақта бар.

Кабинет интернет желісіне қосылған. Компьютерлік техника білім алушылардың цифрлық сауаттылығын дамытуға, электрондық білім беру ресурстарын пайдалануға және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу процесіне енгізуге мүмкіндік береді.

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>В корпусы, 105-кабинет
В корпусының 105-кабинеті заманауи компьютерлік техникамен және қажетті оқу жиһаздарымен жабдықталған. Кабинетте Intel Core i5-11400 процессоры, H510 чипсеті, 8 GB жедел жады және 512 GB PCIe M.2 SSD жинақтауышы бар 20 компьютер жиынтығы, 2 кеңсе шкафы, 1 мұғалім үстелі, 20 оқушы үстелі, 20 орындық, 1 модульдік кресло және 1 интерактивті тақта бар.
Кабинет интернет желісіне қосылған. Техникалық жабдықтар информатика сабақтарын, практикалық жұмыстарды және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы оқу қызметін ұйымдастыруға арналған.
Екі компьютерлік кабинет те білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануға бағытталған. Жабдықтар мен жиһаздардың нақты саны, техникалық сипаттамалары және жарамдылығы түгендеу тізімдері мен материалдық жауапты тұлғалардың құжаттары негізінде расталады.

3. edu.kz аймақта ресми интернет-ресурстың және домендік атаудың болуы.
- аймақта үшінші деңгейдегі edu.kz домендік атаудың болуы туралы мәліметтер.
Мектептің қызметіне қатысты ресми мәліметтерді жариялау мақсатында https://zaman-school.edu.kz интернет-ресурсы жұмыс істейді. Бұл веб-сайт білім беру саласының мемлекеттік стандарттарына сәйкес, edu.kz аймағында тіркелген үшінші деңгейлі домендік атауды пайдаланады.
Ұйымның ресми электрондық пошта мекенжайы: zaman-school@edu.kz. Барлық құжаттамалық және ақпараттық өзара іс-қимылдар тек осы ресми арналар арқылы жүзеге асырылады.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>7</td>
<td>Компьютерлік тестілеу</td>
<td>1. 4 және 9 сынып оқушыларының компьютерлік тестілеу нәтижелерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігі.
- білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерудегі жетістіктерді және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарында көзделген күтілетін оқу нәтижелерін анықтау бойынша 4,
9-сынып оқушыларының оқу нәтижелерін бағалау).
Жалпы оқушылар саны : 9 сынып – 37 оқушы, 4 сынып – 49 оқушы
Қатысқан оқушылар саны : 9 сынып- 34 оқушы,4 сынып- 49 оқушы
Қатыспаған оқушылар: 1. Сламхан Алинур 2. Ансар Айару 3.Мнайдар Мажит. Денсаулық жағдайына байланысты сабақтарда болмағанын растайтын құжаттар ұсынылды. 9 сыныптарда үшінші пән бойынша дүниежүзі тарих және әдебиет пәндер бойынша тестілеу өтті. Әдебиет пәні бойынша білім сапасы 90%, дүниежүзі тарих-92 %

4-сынып оқушыларының тестілеу нәтижелері
<table>
<tr><th>Сынып / Топ</th><th>Қатысу %</th><th>Қаз. тілі (орта ұпай)</th><th>Білім сапасы (қаз. тілі)</th><th>Матем. (орта ұпай)</th><th>Білім сапасы (матем.)</th><th>Жалпы орта ұпай</th><th>Жалпы білім сапасы</th></tr>
</table>
</td>
<td>Әдістемелік ұсыныстарға 13-қосымша
Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері (13 қосымша).pdf

Денсаулық жағдайы туралы анықтамалар.pdf</td>
<td>Ресми ин тернет-ресурста орналастырылады</td>
</tr>
</table>

4А	100%	8	53%	12	80%	20	67%	
4В	100%	11	73%	14	93%	25	83%	
4С	100%	10	67%	13	87%	24	80%	
4 кл. барлығы	**100%**	**10**	**67%**	**13**	**87%**	**23**	**77%**	
Оң бағалар %	**—**	**96%**	**—**	**100%**	**—**	**98%**	**—**	

9-сынып оқушыларының тестілеу нәтижелері

Сынып / Топ	**Қатысу %**	**Қаз. тілі (орта ұпай)**	**Білім сапасы (қаз. тілі)**	**Матем. (орта ұпай)**	**Білім сапасы (матем.)**	**Таңдау пәні (орта ұпай)**	**Білім сапасы (таңдау пәні)**	**Жалпы орта ұпай**	**Жалпы білім сапасы**
9А	90%	15,9	80%	14,3	71%	15	73%	45	75%
9В	92%	15,3	77%	14,2	71%	16	78%	45	75%
9С	91%	15,9	80%	15,5	78%	17	83%	48	80%
9 кл. барлығы	**91,8%**	**16**	**80%**	**15**	**75%**	**16**	**80%**	**46**	**77%**
Оң бағалар %	**—**	**100%**	**—**	**100%**	**—**	**—**	**97%**	**—**	**—**

8	**Кемшіліктер мен ескертулер, оларды жою жолдары**			
9	**Қорытындылар мен ұсынымдар**			